

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 966 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің карауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2015 жылғы 16 сәуірде Мәскеуде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің

арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң Ү к і м е т і

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы
шарттың (бұдан әрі - Шарт) 19-бабын басшылыққа ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Шарттың 4-бабының бірінші абзацындағы «2005 жылғы 1 қаңтардан бастап 18,932
млн. АҚШ долларына баламалы соманы құрайды» деген сөздер «2016 жылғы 1
қаңтардан бастап 16,276 млн. АҚШ долларына баламалы соманы құрайды» деген
сөздермен ауыстырылсын.

2-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындайтын барлық
даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар өзара консультациялар және келіссөздер
а р қ ы л ы ш е ш е д і .

Тараптардың бірінде бірлесіп шешуді талап ететін мәселелер туындаған кезде
көрсетілген Тарап келіссөздер басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей бұл туралы
басқа Тарапты жазбаша хабардар етеді.

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді
Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар
арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

2015 жылғы 16 сәуірде Мәскеу қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде
екі данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін